

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасы 2000 жылғы 18 қаңтар N 02-1-7/3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 ақпанда N 1043 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі).

Жергілікті мемлекеттік органдардың бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкурс туралы хабарландырулар жариялаудың тәртібі мен шартын нақтылау мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығымен бекітілген және Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада N 986 V990986_ тіркелген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізудің қағидасына төмендегідей өзгертулер енгізілсін:

17, 18, 19 тармақтар мына редакцияда жазылсын:

"17. Конкурс өткізетін мемлекеттік орган, өкілетті орган айқындаған республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында, сондай-ақ осы Қағидамен көзделген жағдайда облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің ресми жарияланымдар үшін айқындаған жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялауға міндетті.

18. Осы Қағиданың 19 тармағында қарастырылған лауазымдарды қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға өткізілетін конкурс бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді мазмұндауы тиіс:

1) мекен-жайы көрсетілген мемлекеттік органның атауы, пошта адресі, телефондары мен факс нөмірлері;

2) конкурс өткізудің тәсілі (ашық немесе жабық);

3) мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің функционалдық

жұмыс бағыттары көрсетілген бос лауазымдардың атауы, қолданыстағы заңдарға сәйкес еңбек ақы төлеудің көлемі мен шарты;

4) мемлекеттік орган анықтаған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

5) құжаттарды қабылдаудың мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күннен кем болмауы керек);

6) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімі;

7) өкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісілген сынақ өткізудің мерзімі мен орны;

8) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны;

9) конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісінің мерзімі (әңгімелесу өткізілгеннен кейін 2 күннен кеш болмауы керек).

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қосымша ақпараттармен мазмұндала алады.

19. Облыстық және аудандық, сондай-ақ оларға теңестірілген аумақтық органдардың мемлекеттік әкімшілік лауазымға өткізілетін конкурсы бойынша С-5, С-6, С-8, С-10, С-11, С-12 санаттарына, D-1, D-2, D-3, D-4, D-5, D-6, D-7, D-8, E-1, E-2, E-3, E-4, E-5, E-6, E-7 санаттарына бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында жарияланған конкурс өткізу туралы хабарландыру мына мәліметтерді мазмұндауы тиіс:

1) мекен-жайы көрсетілген мемлекеттік органның атауы, пошта адресі, телефондары мен факс нөмірлері;

2) бос лауазымдардың атауы;

3) құжаттарды қабылдаудың мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күннен кем болмауы керек);

4) аталмыш конкурс туралы хабарландыру жарияланған облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің ресми жарияланымдар үшін айқындаған жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары басылымдарының атауы, олардың жарыққа шыққан күні.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қосымша ақпараттармен мазмұндала алады.

Хабарландыру, сондай-ақ облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің ресми жарияланымдар үшін айқындаған жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары басылымдарында жарияланып, және осы Қағиданың 18 тармағына сәйкес мәліметті мазмұндауы керек.

Егер, осы Қағиданың 18 тармағына сәйкес, олар жариялаған хабарландыру, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында мәліметтердің толық тізбесін мазмұндаса, мемлекеттік

әкімшілік лауазымның жоғарыда аталған санаттарына арналған конкурс өткізетін мемлекеттік органдар үшін, конкурс туралы хабарландыруды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау міндетті емес."

Төраға

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Орынбекова Д.Қ.